ҚАРАҒАНДЫ ҚАЛАСЫ БІЛІМ БӨЛІМІ КМҚК

ҚАСЫМ АМАНЖОЛОВ АТЫНДАҒЫ БАЛАЛАР МУЗЫК МЕКТЕБІ

КЕЛІСТІ

Әдістемелік кеңес

Протокол МС № 1

«10» қаңтар 2025 жыл

Қарағанды қ.

БЕКІТЕМІН

КМҚК«Қ.Аманжолов»

атындағы БММ

Директор А.Е.Ескалиева

«10» қаңтар 2025 жыл

Қарағанды қ.

# «Домбыра сыныбы бойынша құрастырылған бес жылдық жұмыс БАҒДАРЛАМАСЫ»

Қарағанды 2025

**Бағдарламаны құрастырған:**

Қасым Аманжолов атындағы балалар музыка мектебіндегі домбыра сыныбының оқытушысы:

**Демесинова Анар Жумагалиновна**

**Қарағанды қаласы, 2025жыл**

**КМҚК ҚАСЫМ АМАНЖОЛОВ АТЫНДАҒЫ БАЛАЛАР МУЗЫКА МЕКТЕБІ**

# Мазмұны

1. Мазмұны------------------------------------------------------------------2
2. Алғы сөз------------------------------------------------------------------3
3. Бағдарламаның құрылымы---------------------------------------------5
4. 1-Сынып------------------------------------------------------------------5
5. 1- Сынып репертуарлық жоба----------------------------------------6
6. 2-Сынып------------------------------------------------------------------7
7. 2- Сынып репертуарлық жоба----------------------------------------8
8. 3-Сынып------------------------------------------------------------------9
9. 3- Сынып репертуарлық жоба----------------------------------------10
10.4-Сынып------------------------------------------------------------------11
11.4- Сынып репертуарлық жоба----------------------------------------12
12.5-Сынып------------------------------------------------------------------13
13.5- Сынып репертуарлық жоба----------------------------------------14
14. Қолданылған әдебиеттер---------------------------------------------17

## Алғы сөз

Ұсынылып отырған бес жылдық оқу бағдарламасы – қосымша білім беру ұйымдарының, домбыра сыныбы бойынша жалпы білім көлемін, оның мазмұны мен мақсатын, оқу жылдарына қойылатын сыныптық емтихан талаптарын, үйретілуге тиісті орындаушылық- шеберлік дағдылары мен шығармалардың репертуарлық тізімін көрсететін оқулық бағдарлама. Бұл бес жылдық бағдарлама домбыра аспабын терең меңгеруге бағытталған кешенді оқу жоспарын құрайды. Әрбір кезеңде оқушылардың музыкалық сауаттылығы мен домбыра аспабында өнер көрсету деңгейін арттыру үшін түрлі әдіс-тәсілдер мен шығармашылық тапсырмалар қарастырылған. Бағдарламада домбыраның негізінен бастап, оның кәсіби орындаушылық шеберлігін шыңдауға дейінгі барлық кезеңдер қамтылған. Оқушылар бірінші жылдары домбыраның негізгі дыбыстарын шығару мен қарапайым әуендерді орындаудан бастаса, әр жыл сайын күрделі күйлер мен халық композиторлардың күйлерін орындауға, шығармашылық жұмыстар жасауға үйренеді. Сонымен қатар, бағдарламаның әр кезеңінде оқушылар өздеріне жеке репертуар құрып, музыкалық шығармаларды сахнада орындау тәжірибесін, ұжыммен жұмыс жасауды үйренеді. Ұлттық және дүниежүзі музыка мәдениетін терең түсініп, домбыра өнеріне қызығушылығы артады, қазақтың ұлттық өнерін жаңа деңгейде танып білуге, шығармашылық тұрғыда дамуға жол ашады. Бағдарламада шертпе ,төкпе, әр түрлі шығармалар бірнеше репертуарлар жинағы берілген, соның ішінен оқытушы оқушының қабілеті мен орындай алу мүмкіндігі мен біліміне, талғамына қарай, қойылған талап бойынша қажетті күйлерді сыныбына сай таңдап оқытады. Әр баланың жас ерекшелігі мен шығарманы орындай алу деңгейі әр түрлі, сондықтан оқытушы оны ескереді.

**Мақсаты:**

-Домбыра аспабын меңгеруге қажетті техникалық дағдыларды қалыптастыру.
-Қазақ музыка мәдениеті мен дәстүрлі орындаушылық өнерінің негіздерін үйрету.
-Оқушылардың музыкалық талғамын дамыту,шығармашылық қабілеттерін ашу.
-Оқушыларды домбыра аспабында күй тарту шеберлігін жетілдіру.

**Міндеті:**

-Домбыраның құрылысы, негізі техникалық әдістері мен орындаушылық дағдыларын үйрету.
-Қазақ халқының ұлттық күйлері, әндері және халық музыкасымен таныстыру.
-Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту,өз шығармаларын орындауға ынталандыру.
-Оқушылардың сахнада өзін-өзі ұстау мәдениетін қалыптастыру.
-Күйді орындаумен қатар, шығу тарихын, аңызын білуге, қазақтың күй өнерін қастерлей білуге үйрету.
-Ұлттық өнерді қастерлеуге, ұрпақтан ұрпаққа жалғастырушы ретінде, сақтап келген өнер иесі екеніне тәрбиелеу.

**Күтілетін нәтиже:**

Домбыра сыныбы бойынша жылдық бағдарламаның нәтижесінде оқушылар тек домбыра аспабында ойнау дағдыларын меңгеріп қана қоймай, шығармашылық қабілеттерін дамытып, ұлттық мәдениетке деген құрметпен көзқарас қалыптастырады.Сонымен қатар, олар сахнада өзін-өзі көрсету дағдыларын жетілдіріп, жоғары деңгейде музыкалық орындаушылық шеберлікке қол жеткізеді. Оқушылардың жалпы музыкалық сауаттылығы мен мәдениеті артып, олар қазақ халқының музыкалық мұрасын тереңірек түсініп, осы салада өз мүмкіндіктерін ашуға ұмтылады.

Осы бағдарлама бойынша домбыра сыныбына оқушыларды 5-6 жасынан бастап даярлық топқа қабылдауға ұсынылған. Бес жылдық оқу барысында, тоқсан сайын әр оқушы академиялық концерт тапсырып отырады. Әр оқу жылдың соңында мектептің есеп беру концерті өткізіліп, оқушылардың үздік жұмыстары көрсетіледі.

**Оқу жылы барысында барлық сынып оқушылары үшін домбыра сыныбы бойынша уақыт кестесі:**

**1,2,3,4- сыныптар**

**1-тоқсан:** 16 сағат (аптасына 2 сағат)

**2-тоқсан:** 16 сағат ( аптасына 2 сағат)

**3-тоқсан:** 20 сағат (аптасына 2 сағат)

**4-тоқсан:** 16 сағат ( аптасына 2 сағат)

**Барлығы:** 68 сағат.

**5- сынып уақыт кестесі:**

**1-тоқсан:** 23 сағат( аптасына 3сағат )

**2-тоқсан:** 24 сағат( аптасына 3сағат )

**3-тоқсан:** 28 сағат( аптасына 3сағат )

**4-тоқсан:** 23 сағат( аптасына 3сағат )

**Барлығы:** 98 сағат

## Даярлық топ

**Даярлық топтың мақсаты** - балалардың музыкалық дамуына негіз қалыптастыру, шығрмашылық қабілеттерін дамыту, дыбысты, ырғақты және музыкалық есту қабілетін жетілдіру. Шығармашылық дағдыларын дамыту үшін ән айту, би, ойын әдістері мен шығармашылық тапсырмаларды қолдана отырып, әр балаға оның жас ерекшеліктеріне сәйкес ыңғайлы, қызықты оқу процесін жүргізуге болады. Қабылданған оқушыларға қойылатын талаптар: музыкалық қабілеті бар, табиғи дарынды, денсаулығы жақсы, есту, жаттау, ән салу, ырғақтық сезімі өте жоғары болуы шарт. әрине даярлық топтың бағдарламасы мектептегі оқу бағдарламасынан өзгеше, жеке болуы шарт .

# Бағдарламаның құрылымы

# 1-СЫНЫП

## Жылдық жоспар:

Бірінші сынып оқушылармен 1 және 2 - тоқсанда музыкалық аспаптар туралы әңгіме өткізіледі. Домбыраның тарихымен танысып, оның құрылысы, аспапты дұрыс ұстап отыру, екі қолдың қойылымы, домбыраның құлақ күйін келтірудегі оң бұрау(таза кварта ) ерекшеліктері өзіне ғана тән саздық өзгешелігі жөнінде толық мағлұмат беру, дыбыс шығару әдістері, төмен- жоғары (тентек) қағыс түрін меңгереді, позиция туралы түсінік, бас буын мен ортаңғы буынды меңгеру сияқты жұмыстар жүргізіледі. Шығарманы фортепиананың сүйемелдеуімен ойнауды түсінеді. Бірінші сынып оқушылары алғашқы емтихандарын 2 -тоқсанның соңында тапсырады. Ол үшін оқушының музыкалық деңгейіне қарап, қалыптасқан қабілет мүмкіндігіне қарап, бағдарламада ұсынылған репертуарлық жобадағы қажетті шығармалар таңдап орындалады. Себебі бірінші сыныпқа жас ерекшелігі әр түрлі оқушылар қабылданғандықтан, дайындық кезінде сыныптағы оқушылар арасында әр түрлі орындаушылық деңгей байқалады, оқушылардың мүмкіндігіне қарай кейін: әлсіз, орташа, қабілетті етіп белгілеуге болады, сәйкесінше репертуар да беріледі.

**1-тоқсанда оқушыларға баға қойылмайды тек сынақ қойылады.**

**1-сыныпта жыл бойына тапсырылатын емтихан, сынақтар:**

3 академиялық концерт(2,3,4тоқсан)

**Оқушылар жыл бойына қойылатын талап:**

3шығарма немесе әндер

3күй

Жаттығулар

### 1- Жарты жылдықта

1 академиялық концерт (2 тоқсан)

Талабы:

1 шығарма немесе әндер (фортепиананың сүйемелдеуімен)

1 күй

### 2- Жарты жылдықта

2 академиялық концерт (3,4тоқсан)

Талабы:

2 шығарма немесе әндер (фортепиананың сүйемелдеуімен)

2 күй

# 1-Сынып репертуарлық жоба

## Әндер:

| | |
|---|---|
| 1.Халық әні | «Құрбым-ай» |
| 2.Халық әні | «Гүлдерайым» |
| 3.Халық әні | «Әже әлдиі» |
| 4.Халық әні | «Еркем-ай» |
| 5.Н.Тлендиев | «Құттықтаймын мама туған күніңмен» |
| 6.Б.Ғизатов | «Біз өмірдің гүлміз» |
| 7.Орыстың халық әні | «Во саду ли в огороде» |
| 8.Қазақтың халық әні | «Елигай» |
| 9.Ыбырайдың әні | «Балхадиша» |
| 10.Балалар әні | «Қошақаным» |
| 11. Халық әні | «Домбырасыз ән қайда» |
| 12.Н.Нүсіпбаев | «Дос болайық бәріміз» |
| 13. Халық әні | «Бала уату» |
| 14.М.Красев | «Шырша әні» |

## Шығармалар:

| | |
|---|---|
| 1. Ф.Әміров | « Құстар» |
| 2. В.Моцарт | «Аллегретто» |
| 3. Орыстың халық әні | « Құрбы қыздар барады» |
| 4. Т.Камалдинов | «Алма ағаштың аясында» |
| 5. В.Иванников | «Өрмекші» |
| 6. Орыстың халық әні | «Көңілді қаздар» |
| 7 Орыстың халық әні | «Не шығармын не шықпаспын» |
| 8.Закарпатия әні | «Верховина» |
| 9.Орыстың халық әні | « Я на горку шла» |
| 10.М.Кочурбина | «Мишка с куклой танцуют полечку» |
| 11.Чехтың халық әні | «Аннушка» |
| 12.Н.Бекенов | «Арайжан» |
| 13.Орыстың халық әні | «Ай төгеді сәулесін» |
| 14.В.Калинников | «Тень-тень» |

**Күйлер:**

| | |
|---|---|
| 1.Халық күй | «Көкейкесті» |
| 2.Халық күй | «Көк дөнен» |
| 3.Халық күй | «Кербез қыз» |
| 4.Халық күй | «Жастар биі» |
| 5.М.Әубәкіров | «Өрнек» |
| 6.Халық күйі | «Сары өзен» |
| 7.Қонысбеков | «Көксерек» |
| 8.Халық күйі | «Тепен көк» |
| 9.Халық күйі | «Нәр агачи» |
| 10.Ж.Надирбеков | «Ортеке» |

## 2-СЫНЫП

**Жылдық жоспар:**

Оң бұрауда қағыс түрлерін одан әрі меңгеруді жалғастыру. Позиция туралы түсініктерді тереңдете меңгеру. Бас буын мен ортаңғы буын және кіші сағада ойнау. Синкопа, пунктир ырғағын үйрену. Дыбыс тазалығы мен салмағын ескеру. Этюдтар мен жаттығулар: гаммалар( әр түрлі штрихпен ) ойнау. Екінші жарты жылдықта оқушылар техникалық сынақ тапсырады.

**2-Сыныпта жыл бойына тапсырылатын емтихандар,сынақтар:**

1техникалық сынақ (3тоқсан )

4академиялық концерт (1,2,3,4тоқсан )

**Оқушылар жыл бойына қойылатын талап:**

4шығарма немесе әндер

4күй

Жаттығулар

**1-Жарты жылдықта**

2 академиялық концерт (1,2 тоқсан)

Талабы:

2шығарма немесе әндер (фортепиананың сүйемелдеуімен)

2күй

**2-Жарты жылдықта**

2 академиялық концерт (3,4тоқсан)

Талабы:

1этюд

2 шығарма немесе әндер (фортепиананың сүйемелдеуімен)

2 күй

## 2-Сынып репертуарлық жоба

### Этюдтер:

| | |
|---|---|
| 1.М.Қойшыбаев | «Этюд» |
| 2.И.Томарин | «Этюд» |
| 3.С.Луканюк | «Этюд» |
| 4.Ш.Асқаров | «Этюд» |
| 5.Т.Естаев | «Этюд» |
| 6.Л.Хамиди | «Этюд» |
| 7.А.Жайымов | «Этюд» |
| 8.И.Беркович | «Этюд» |

### Әндер:

| | |
|---|---|
| 1.Халық әні | «Қоғалы-ай» |
| 2.Б.Байқадамов | «Айгөлек» |
| 3. Л.Бекман | «Шырша» |
| 4. А.Островский | «Әрқашан күн сөнбесің» |
| 5. Ақан сері | «Кербез сұлу» |
| 6. Халық әні | «Тобылғысы-ай» |

### Шығармалар:

| | |
|---|---|
| 1. В.А.Моцарт | «Полонез» |
| 2.Өзбектің халық әні | «Кари-Новой» |
| 3.Х.Тастанов | «Би» |
| 4Беларусь халық биі. | «Янка» |
| 5.Н.Бекенов | «Балақай» |
| 6.С.Мұхамеджанов | «Көңілді би» |
| 7.Мәди | «Үш қара» |
| 8.Ж.Мұса | «Ақ сиса» |
| 9.Е.Брусиловский | «Қыз арманы» |
| 10.А.Гедике | «Би» |
| 11.А.Дәулеткерей | «Көңілді би» |
| 12.Ж.Нәдірбеков | «Бала шаттығы» |
| 13.Украин халық әні | «Ехал казак за Дунай» |

## Күйлер:

| | |
|---|---|
| 1.Халық күйі | «Бозжорға» |
| 2.Халық күйі | «Келіншек» |
| 3.Дәулеткерей | «Қосалқа» |
| 4. Халық күйі | «Кеңес» |
| 5.Дәулеткерей | «Қыз Ақжелен» |
| 6.Сейтек | «Той бастар» |
| 7.Арынғаы | «Арынғазы» |
| 8.Сейтек | «Заманай» |
| 9..Халық күйі | «Салкүрең» |
| 10.Халық күйі | «Тайбурыл» |

# 3-СЫНЫП

## Жылдық жоспар:

Қағыс түрлерін одан әрі меңгеруді жалғастыру Домбырадағы барлық позицияларды меңгеру.Үлкен сағада ойнау.Динамикалық белгілер жасау.Оқушылардың шертпе күй дәстүрін меңгеруі . Пиццикато қағысымен танысу,жаттығу. Тремоло үйрену.

**3-Сынытта жыл бойына тапсырылатын емтихандар,сынақтар**:

1техникалық сынақ

4академиялық концерт(1,2,3,4тоқсан )

**Оқушылар жыл бойына қойылатын талап:**

1Этюд

4шығарма

4күй( шертпе немесе төкпе )

Жаттығулар

**1-Жарты жылдықта**

2 академиялық концерт (1,2 тоқсан)

Талабы:

2шығарма (фортепиананың сүйемелдеуімен)

2төкпе немесе шертпе күйлер

**2-Жарты жылдықта**

2 академиялық концерт (3,4тоқсан)

Талабы:

1этюд

2 шығарма (фортепиананың сүйемелдеуімен)

2төкпе немесе шертпе күйлер

## 3-Сынып репертуарлық жоба

### Этюдтер:

| | |
|---|---|
| 1.Қ.Мерембаев | «Этюд» |
| 2.А.Жайымов | «Этюд» |
| 3.Т.Мерғалиев | «Этюд» |
| 4.Т.Бәділов | «Этюд» |
| 5.Т.Естаев | «Этюд» |
| 6.Ш.Асқаров | «Этюд» |
| 7.И.Хабибулин | «Этюд» |

### Шығармалар:

| | |
|---|---|
| 1. Халық әні | «Маусымжан» |
| 2.Е.Үсенов | «Қосбасар№1» |
| 3. Е.Үсенов | «Қосбасар№2» |
| 4.Т.Тоқжанов | «Шілде» |
| 5.С.Рахманинов | «Итальянская полька» |
| 6.Е.Үсенов | «Балдырғандар биі» |
| 7.Халық әні | «Бипыл» |
| 8.Н.Бекенов | «Шабыс» |
| 9.Т.Мұхамеджанов | «Детство» |
| 10.Ш.Қалдаяқов | «Ақ ерке ақжайық» |
| 11.К.Вебер | «Аңшылар хоры» |
| 12.Тастанов | «Би» |
| 13.Надирбеков | «Балдыз» |
| 14.Бақтыбай | «Әуен» |
| 15.Глинка | «Полька» |

### Шертпе күйлер:

| | |
|---|---|
| 1.Тәттімбет | «Қосбасар№1-6» |
| 2.Халық күй | «Телкүрең» |
| 3.Тәттімбет | «Құр ойнақ» |
| 4.Қыздарбек | «Сылқым қыз» |
| 5.Н.Тілендиев | «Әлқисса» |
| 6.Бақтыбай | «Әуен» |
| 7.Б.Бекжігіт | «Аңсау» |

| | |
|---|---|
| 8.Тәттімбет | «Балбырауын» |
| 9.Тәттімбет | «Көш жанаған» |
| 10.Байжігіт | «Келіншек» |
| 11. Н.Тілендиев | «Атадан мұра» |

**Төкпе күйлер:**

| | |
|---|---|
| 1.Құрманғазы | «Балбырауын» |
| 2.А.Райымбергенов | «Секіртпе» |
| 3.Еңсепов | «Әке толғауы» |
| 4.Дәулеткерей | «Женгем сүйер» |
| 5.Сейтек | «Сексен ер» |
| 6.Байжігіт | «Көксерке» |
| 7.Бақтыбай | «Әуен» |
| 8.Қазанғап | «Шынаяқ тастар» |
| 9.Құрманғазы | «Адай» |
| 10.Дина | «Той бастар» |
| 11.А.Сұлтанбеков | «Домбыра» |
| 12.Тұран | «Ер тұран» |
| 13.Халық күй | «Ел айрылған» |
| 14.Сүгір | « Ыңғай төк» |
| 15.С.Құсаинов | «Мереке» |

## 4-СЫНЫП

**Жылдық жоспар:**

Оқушыға аспаптың құлақ күйін оң(таза кварта), теріс(таза квинта) бұрауда келтіруді түсіндіре отырып, түрлі қағыстармен, орындалу ерекшелігін көрсету. Шертпе, төкпе жанрындағы күйлерді меңгеруді жалғастыру. Жеке ішектердегі пиццикато қағысын меңгеру.Ішектен ішекке ауысу әдістері.Техникалық жаттығуларды ойнау арқылы техникалық шеберлікті шыңдау. Мелизмдер үйрену.

**4-Сыныпта жыл бойына тапсырылатын емтихандар,сынақтар**:

1техникалық сынақ

4академиялық концерт(1,2,3,4тоқсан )

**Оқушылар жыл бойына қойылатын талап:**

1Этюд

4шығарма

4күй (шертпе немесе төкпе)

Жаттығулар

**1-Жарты жылдықта**

2 академиялық концерт (1,2 тоқсан)

Талабы:

2шығарма (фортепиананың сүйемелдеуімен)

2төкпе немесе шертпе күйлер

**2-Жарты жылдықта**

2 академиялық концерт (3,4тоқсан)

Талабы:

1этюд

2 шығарма (фортепиананың сүйемелдеуімен)

2төкпе немесе шертпе күйлер

## 4-Сынып репертуарлық жоба

### Этюдтер:

| | |
|---|---|
| 1.О.Дүйсенов | «Этюд» |
| 2.Б.Ысқақов | «Этюд» |
| 3.Л.Хамиди | «Этюд» |
| 4.Ф.Хабибуллин | «Этюд» |
| 5.М.Қойшыбаев | «Этюд» |
| 6.Б.Ғизатов | «Этюд» |
| 7.Ж.Нәдірбеков | «Этюд» |
| 8.Т.Қышқашбаев | «Этюд» |
| 9.М.Ерменбетов | «Этюд» |

### Шығармалар:

| | |
|---|---|
| 1. Т.Әліпбаев | «Қуаныш» |
| 2.Курбанов | «Навои-шарк» |
| 3.М.Огинский | «Полонез» |
| 4.Орыстың халық әні | «Во саду ли в огороде» |
| 5.Украин халық биі | «Казачок» |
| 6.Н.Чайкин | «Деревня сыртында» |
| 7.Е.Брусиловский | «Алтынай» |
| 8.Е.Үсенов | «Майра» |
| 9.М.Тналин | «Жайлау» |
| 10.А.Жаимов | «Балдаурен» |
| 11.Қазақтың халық әні | «Дайдидау» |
| 12.С.Балмағанбетов | «Күй дастан» |
| 13.В.А.Моцарт | «Түрік маршы» |

**Шертпе күйлер:**

| | |
|---|---|
| 1.Сүгір | «Бозінген» |
| 2.С.Тұрысбеков | «Көңіл толқыны» |
| 3.Тәттімбет | «Былқылдақ» |
| 4.Е.Үсенов | «Кербез сұлу» |
| 5.Қ.Ахмедьяров | «Ақ қайың» |
| 6.С.Тұрысбеков | «Ақ жауын» |
| 7.Қ.Ахмедьяров | «Қосбасар №3» |
| 8.Тоқа | «Қосбасар №1-5» |
| 9.Қ.Ахмедьяров | «Жібек –Жетісу» |
| 10.Аққыз | «Мұңды қыз» |
| 11.Боранқұл | «Кең жайлау» |
| 12.Тәттімбет | «Азамат қожа» |

**Төкпе күйлер:**

| | |
|---|---|
| 1.Дина Н. | «Әсем қоңыр» |
| 2.Ә.Желдібаев | «Ерке сылқым» |
| 3.Дәулеткерей | «Көркем ханым» |
| 4.Дәулеткерей | «Құдаша» |
| 5.Дәулеткерей | «Көріұғлы» |
| 6.Е.Үсенов | «Қара жорға» |
| 7.Дина | «Науысқы» |
| 8.Құрманғазы | «Алатау» |
| 9.Б.Абенов | «Желдірме» |
| 10.Құрманғазы | «Саранжап» |
| 11.И.Ысқақов | «Күрішшілер биі» |
| 12.М.Бердигулов | «Шахристан» |
| 13.Құрманғазы | «Ақсақ киік» |
| 14.Құрманғазы | «Аман бол шешем» |

## 5-СЫНЫП

Қағыс түрлерін: триоль, орама қағыс, қара шертіс, дара шертісті үйренуді жалғастыру. Шертпе дәстүрінде күйлерді меңгеруді жалғастыру.Сол қолдағы дыбысты тербелту(вибрация) әдісі.

Гаммалар,арпеджиолар.Техниканы шыңдау жаттығулары.Әр орындаушылық дәстүрдегі күйлерді меңгеру. Күй, шығарма орындаудағы аппликатура ерекшеліктері. Күйлердің мазмұнына, тарихына көңіл бөлу.

**5-Сыныпта жыл бойына Мемлекеттік емтиханға дайындық :**

1техникалық сынақ

3 Мемлекеттік емтиханның тыңдалымы

1Мемлекеттік емтиханның тапсыруы

**Оқушылар жыл бойына қойылатын талап:**

1Этюд

2күрделі шығарма

1шертпе

1төкпе

Жаттығулар

**1-Жарты жылдықта**

**1тыңдалымда** (2тоқсан )

Талабы:

1шығарма (фортепиананың сүйемелдеуімен)

1 шертпе күй

**2-Жарты жылдықта**

1техникалық сынақ

**2тыңдалымда** (3тоқсан )

Талабы:

1шығарма (фортепиананың сүйемелдеуімен)

1төкпе

**3тыңдалымда** (4тоқсан )

Талабы:

2 шығарма (фортепиананың сүйемелдеуімен)

1төкпе

1шертпе

**1Мемлекеттік емтихан**(жыл соңы )

**5-Сынып репертуарлық жоба**

**Шығармалар:**

| | |
|---|---|
| 1. Е.Үсенов | «Түрік әлемі» |
| 2.Е.Н:рымбетов | «Ақжелең» |

| | |
|---|---|
| 3.Н.Тілендиев | «Темірбектің төкпесі» |
| 4.Н.Бекназаров | «Цыганская венгерка» |
| 5.Бизе | «Кармен» |
| 6.Н.Курбанов | «Шығыс рапсодиясы» |
| 7.Орыстың халық әні | «Коробейники» |
| 8.Орыстың халық әні | «Яблочканың тақырыбына вариациялар» |
| 9.А.Хачатурян | «Лезгинка» |
| 10.Н.Тілендиев | «Махамбет» |
| 11.К.Күмісбеков | «Биші қайын» |
| 12.Н.Тілендиев | «Аққу» |
| 13.Брамс | «Венгерский танец» |
| 14.Огинский | «Полонез» |
| 15.Жайымов | «Шалқыма» |
| 16.Н.Тілендиев | «Көңілді бикеш» |
| 17.В.Монти | «Чардаш» |
| 18.А.Жайымов | «Отпан тау» |
| 19.М.Қойшыбаев | «Қызыл құм» |
| 20.Е.Үсенов | «Жігер» |
| 21.Цыганков | «Түстеп» |
| 22.Цыганков | «Мардяндя» |
| 23.Қ.Ахмедьяров | «Арпалыс» |

**Шертпе күйлер:**

| | |
|---|---|
| 1.Тәттімбет | «Азамат қожа» |
| 2.Тәттімбет | «Сылқылдақ» |
| 3.Тәттімбет | «Секіртпе» |
| 4.Әбді | «Қосбасар» |
| 5.Тәттімбет | «Бес төре» |
| 6.Сүгір | «Қаратау шертпесі» |
| 7.Қыздарбек | «Өткінші қосбасар» |
| 8.Т.Момбеков | «Салтанат» |
| 9.Аққыз | «Қосбасар №1-6» |
| 10.Мұқсиын | «Қосбасар» |
| 11.Тәттімбет | «Сарыжайлау» |
| 12.Б.Ғаламат | «Аналардың арманы» |

**Төкпе күйлер:**

| | |
|---|---|
| 1.Құрманғазы | «Қызыл қайын серпер» |
| 2.Сейтек | «Жантаза» |

| | |
|---|---|
| 3.Махамбет | «Жауға шапқан» |
| 4.Н.Тілендиев | «Жекпе-жек» |
| 5.А.Құдайбердиев | «Көне Тараз күмбірі» |
| 6.Жалдыбай | «Қара жорға» |
| 7.Есбай | «Бөгелек» |
| 8.Жошы хан | «Ақсақ құлан» |
| 9.Дина | «Домалатпай» |
| 10.Жантөре | «Шалқыма» |
| 11.Есір | «Ирең» |
| 12.М.Әубәкіров | «Талас» |
| 13.Қазанғап | «Ақжелен» |
| 14.Халық күйі | «Қарасай» |
| 15.Есір | «Күнтай» |
| 16.Жайымов | «Шаттанамын» |
| 17.С.Әубәкіров | «Өрлеу» |
| 18.Құрманғазы | «Төремұрат» |
| 19.Қазанғап | «18жасар Балжан қыз» |
| 20.Құрманғазы | «Сарыарқа» |
| 21.Қ.Ахмедьяров | «Қуаныш» |
| 22.Дайрабайдың күйі | «Дайрабай» |
| 23.Құрманғазы | «Түрмеден қашқан» |
| 24.Қ.Ахмедьяров | «Хаман толғау» |
| 25.Сейтек | «Торы ат» |
| 26.Қазанғап | «Жем суының тасқыны» |

**Қолданылған әдебиеттер:**

1.Дәулеткерей «Жігер» Қ.Ахмедьяров
2.Домбыраға арналған педагогикалық репертуар Қ.Мерембаев
3.Дина Нұрпейсова «Әсемқоңыр» Қ.Ахмедьяров
4.Домбыраға арналған этюдтар мен пьесалар Х.Тастанов
5.Домбыра үйрену мектебі Л.Хамиди, Б.Ғизатов
6.Домбыра үйрену мектебі А.Жайымов, Б.Ысқақов, С.Бүркітов
7.Домбыраға арналған хрестоматия. Қ.Мұхитов, Қ.Досымжанов
8.Домбыра мен фортепианоға арналған шығармалар Е.Үсенов
9. «Күй Дастан» С.Балмағанбетов
10. «Күй керуені» Айтжан Есенұлы, Гүлперизат Елеусізқызы
11. «Күй қастерлі әуез» Айтжан Есенұлы, Гүлперизат Елеусізқызы
12. «Күй ұран» Қаршыға Ахмедьяров
13. «Күйші Дина» Айтжан Тоқтаған, Айтолқын Тоқтаған
14. «Қазанғап Ақжелен» А.Райымбергенов
15.Тәттімбет «Сарыжайлау» Е.Үсенов»
16. «Төрт күйшілік мектеп» Ж.Жүзбаев
17.Ұстаздың педагогикалық репертуары
18. «Мұңды қыз» Ақкыз Ахметова
19.Тәттімбет және Арқа күйлері
20. «Сүгір Қаратау шертпесі» А.Тоқтаған, Г.Ұлтарахова, М.Әбуғазы
21. «Құрманғазы» Ахмет Жұбанов
22. Құрманғазы «Сарыарқа» Қ.Ахмедьяров
23. «Ақсақ құлан» Кетбұға бидің Күй-мұрасы
24. Дәстүрлі қазақ музыкасы Б.Аманов, Ә.Мұхамбетова
25. «Кюй» Ж.Надирбеков
26. Сүгір күйлері. Г.Асқаровтың орындауында. «Назқоңыр» күй жинағы.
27. «Сарыарқа саздары» Білəл Ысқақов
28. Қ.Ахмедьяров « Табыну»
29. Айтқали Жайымов « Шалқыма»
30.Ахмет Жұбанов «Ғасырлар пернесі»